

«Бекітемін:

«Бал-бөбек» бөбекжай балабақшасы

ЖШСның меңгерушісі



**«Бал-бөбек» бөбекжай балабақшасының
2022-2023 жылына арналған
Педагогикалық кеңестің
хаттамалары**

Шұбарсу елді мекені

2022-2023 оқу жылы

Педагогикалық кеңестің № 1 хаттамасы

Қатысқандар: 11

Мақсаты:

Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттарымен таныстырып, жүзеге асыру жұмыстары.

Күн тәртібі

1. Балабақша педагогикалық ұжымын 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары мен үлгілік оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жүктемесімен перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау бекіту.
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектеп алды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық. Жаңа оқу жылында қолдануға тиісті жаңа нормативті құжаттармен таныстыру. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8- тарау 59-бабының 4-тармағына сәйкес өзіндік аттестаттау туралы. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы
3. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 бұйрығына қосымша. Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар. Балабақшаны мемлекеттік өзін-өзі аттестаттаудан өткізу туралы.
4. Тәлімгерлік туралы ережелер, жас мамандарға арналған нұсқаулықтар. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекіту
5. Тәрбиешілердің шығармашылық тобының жұмысын ұйымдастыру.

1. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі С. Сағынбек Жаңа оқу жылының басталуымен педагогтарды құттықтай отырып, алдағы жылдық мақсат, міндеттермен таныстырды және балабақшаның күн тәртібін айтып өтті. Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі С. Сағынбек балабақша педагогикалық ұжымын 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары мен үлгілік оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жүктемесімен, перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту туралы таныстырып өтті. Баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салтын тәрбиелеу.

Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын қарапайым сүйіспеншілік, денмсаулық, достық, бақыт сияқты құндылықтарға баулу.

Баланың өз бойындағы жақсы қасиеттері негізінде жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға уйрету. Күнделікті бірлесе атықаратын іс-қимылдар барысында балалардың бойында

қоршаған орта құбылыстарымен адамгершілік қарым-қатынас жасау міндеті алынды. Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған. Тәрбиешілер өз білімін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын әр тәрбиешінің келесі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті. Балабақша педагогтерге өздерінің алған мәселелері бойынша жоспарлары талқыланды. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарын бөбекжай меңгеруші, ідіскері, психологы бірігіп отырып құрды. Сондықтан осы айтылғандарды құптаймыз, жылдық жоспарға алып қосарымыз жоқ десеңіздер бекітейік. Дей келе балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде ұжым болып жылдық мақсаттар белгілейміз, және сол мақсаттарға жетуге ерінбей еібек етеміз. Былтырғы жылдың мақсатына қарағанда өзгерістер бар. Балабақша ұжым үнемі балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды, қауіпсіз болуын естен шығармаған жөн.

Әдіскер Б. Сейткеримова «мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 2

Желтоқсандағы №557 бұйрығына енген өзгерістермен таныстырып өтті.

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:

- 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- 2) Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізімінде 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;
- 3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);
- 4 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12-тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – үлгілік оқу бағдарламасы)
- 5 Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру.

Бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады. Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген

ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттермен таныстырып өтті.

Жас кезеңдері мынадай:

1 бөбек жасы-0 жаңа туған балалар -2 жастағы балалар;

2 мектепке дейінгі жас -3-5 жастағы балалар. жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасакталады:ерте жас тобы -1 жастағы балалар;

Кіші топ-2 жастағы балалар;

Ортаңғы топ- 3 жастағы балалар;

Ересек топ-4 жастағы балалар;

Мектепалды топ мектептегі лицейдегі гимназиядағы мектепалды сынып-5 жастағы балалар.

2. Тыңдалды Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Сейткеримова сөйледі.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесінің ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық, хатымен таныстырды. Тәрбиелеу білім беру процесі;

-перспективалық жоспарға

-циклограммаға

-бала дамуындағы мониторингі арқылы іске асырылады. Жас топтар бойынша заттық-кеңестік дамытушы ортаға қойылатын талаптар жайлы таныстырды.

3. келесі мәселе бойынша:Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8- тарау 59-бабының 4-тармағына мәйкес өзіндік аттестаттау туралы. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №192 бұйрығы.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері; Б.Сейткеримова сөзге шықты. Ол сөзінде 2021-2022 оқу жылында қызметкерлермен жүргізілген жұмыстар келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

-3 100% педагогта біліктілік санаты бар. 4 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. Қазіргі таңда мамандық бойынша қайта даярлау курсынан 4 педагог өтті. Биыл тәрбиешілерден екінші санатты педагог модераторға ұсынылып отыр қазіргі таңда портфолиялары жинақталуда. Б.Сейткеримованы комиссия төрағайымы деп сайлап, осы жұмысты, яғни нормативтік құжаттармен жұмыс жүргізу жүктеліні.

4.Келесі мәселе бойынша;Тәлімгерлік туралы ережелер, жас мамандарға арналған нұсқаулықтар.Көмек қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекітуге тоқталды.сол себепті тәлімгер тәрбиеші бекітілу керек деп ойлаймын. Осы туралы ойларыңызды айтсаңыздар.Әдіскер Б.Сейткеримова сөз сөйледі: жас маман мен оларға бекітілген тәлімгер туралы тоқталып өтті.Биылғы оқу жылында бөбекжайда жас мамандар жоқ,Тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу қызметтеріне кіріп,іс тәжірибе алмасу және үнемі ізденісте болып, өздерін жан-жақты көрсете білу керек,-деді.

5.Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту жөнінде балабақша меңгерушісі С.Сағынбек сөз алды.ол өз сөзінде: Өткен кеңесте шығармашылық жұмыстарыңызға есеп беру кезінде Елбасымыздың сапалы білім беруге қол жеткізуіміз керек деген тапсырмасын сөзге тиек еттім.Іздену даму еңбектену жұмыстарын бірде бір педогог тоқтатпасын,ізденіп жұмыс жасайық,жаңа технологияны меңгеруге ұмтылыну қызықты етіп,педогогикалық үдерісте балалар жалықпайтын ықыласын арттыратын әдіс-тәсілдерді меңгеруге жүргізуге бет бұру керектігін айтқанмын.жаңа оқу жылында таңдаған шығармашылық тақырыптарыңызға ерінбей материал іздеп жинақтап,жаңа тұрғыда байланыстар тауып ендіруді тапсырамын.Бнекітілген тақырыптармен жүргізуге табыс тілеймін деді.

ШЕШІМ:

1.2022-2023 оқу жылының жылдық міндеттемесімен жылдық жоспары бекітілсін.Жылдық жоспар негізінде жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.Жауапты әдіскер Б.Сейткеримова. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

2.Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары күн тәртібі оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары бекітілсін. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге перспективалық жоспарға сәйкес жүргізілсін.Жауапты топ тәрбиешілері.Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

3.Аттестаттау комиссиясының төрайымы болып балабақша меңгерушісі С.Сағынбек, мүшелері хатшы Б.Сейткеримова сайлансын.Педогогикалық қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру жұмыстары ұйымдастырылсын.

4 Л.Ағманова Тәлімгер тәрбиеші болып тәрбиешілерге бекітілсін.Тәлімгер тәрбиешінің жас маманмен жұмыс жоспары құрылып,Балабақшаның әдіскер кабинетіне тапсырылсын. Жауапты әдіскер.

Педогогикалық кеңес төрағасы

Хатшы:



Сағынбек

Сейткеримова

Педагогикалық кеңестің 2-хаттамасы

Қатысқандар: 11
28.10.2022ж

Күн тәртібі

1. Балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларын арттыру жолдары.
2. Ұлттық тәрбие-ұлт болашағы. Баяндама Л.Ағманова
3. Ойын-бала дамуының басты құралы
4. Заттық-кеңестіе дамытушы ортаны ұйымдастырылуы және жабдыкталуы.
5. Ашық есік жоспары бойынша топтарда бекіту.

1.Тыңдалды: Б/б әдіскері Б.Сейткеримова сөз алды. Балабақшаның басты факторының бірі-баланы жан-жақты дамыту болып келеді.Қазіргі уақытта әр педогогтың алдында және қоғамның талаптары қойылған,балалармен жұмыс жасаудың жаңа қызықты және шығармашылық тәсілдерін табу міндеттері тұр.Сондықтан балалармен оқу қызметінде осы арт педогогиканың элементтерін қолдана отырып, уйлесімді жан-жақты дамыған жек тұлғаны тәрбиелеу және зияткер қабілетін арттыру мақсатын көздеп отырмыз. Мектепке жасына дейінгі балалардың бойына оқу қызметін меңгерту,танымдық белсенділікті дамытудың басты бағыты болып саналады.Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау арқылы ғана заттардың көріністердің араларындағы байламды белгілеп, оларда бар себептерді табады.келешекте оларға не болатынын ойлап шығарады.Келешекті болжай алады. Сондықтан тәрбиеші баланың дұрыс ойлап уйренуіне көп күш жұмсауы керек.Өйткені дұрыс ойлау ұрпақтан ұрпаққа табиғи түрде беріледі.оның үстіне тәжірибе арқылы да қалыптасады.Сонымен ойлау қызметінің белсенділігін арттыру үшін балалардың танымдық қызметін дамытатындай өзіндік пікір,қорытынды шығаруға түрткі болатын ойындар ұйымдастыру қажет.Ойын арқылы балалардың негізгі іс-әрекеті және олардың айналадағы өмірден алған білімдерін,әсерлерін жинақтаған тәжірибелерін өз бетінше іс жүзінде асырады.Ойын барысында берілген тапсырмаларды шешуге балалардың ақыл- ойы дамиды. Міне осыдан баланың логикалық ойлау, қиялдау қабілеті шыңдалады.Бала ойын дамытуда логикалық ойындар ерекшеліктерін алуға болады.Балалардың ойлау қабілетін дамытатын қызығушылықтарын арттыратын жұмыс түрі логикалық ойындар.Логикалық ойындар баланы тапқырлыққа логикалық ойлауға баулып,ойының ұшқырлығына өздігінен шешім қабылдауға салыстыруға дәлелдеуге әсер етеді.Балалардың қызығушылығын арттыруда,танымдық қабілетін дамытуда мақсаты мен міндеттерін атап өтті.Логикалық ойлауы дамыған бала шығармашылыққа ойлана әрекет етуде өзінің іс-әрекетін талдауға уйренеді.Қорыта келе аталған жұмыс турлері бала үшін,оның танымын,логикасын арттыру үшін өмірде қажетті екенін көрсетеді яғни олардың шығармашылық деңгейің көтеру.

2.Сөйледі: Балабақша тәрбиешісі Л.Ағманова «Ұлттық тәрбие-ұлт болашағы» атты баяндама оқыды. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек,тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы»Әбу Насыр әл-Фараби Тәуелсіздігімізді алып, өркениеттілікке құлаш серімеген бүгінгі таңда адамгершілігі мол, сапалы да салаутты ұрпақ тәрбиелеуде халықтық тәрбиенің алатын орны ерекше: «Жастар біздің болашағымыз» дейтін болсақ, сол жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі ақ көрсетіп отыр.Күнделікті балаларға тұрмыстық тәрбиеге байланысты салт-дәстүрлер, бала дүниеге келгеннен өскенге дейінгі аралықта қолданылатынсалт-дәстүр,ырым-тыйымның рөлі,сәлемдесу,әдебі, сыйластық қонақ қуту, ас ішу әдебі,инабаттылық дәстүрлері,сөйлеу әдебі және киім кию тәрбиесі,ұлттық тәрбиедегі еңбек тәрбиесінің орны,қазақ халқының озық мәдениеті улгілері мен олардың тәрбиелік мәні сияқты ұлттық құндылықтарымызға тәрбиелеп отыруымыз керек.»Ел боламын десең,бесігінді түзе»демекші ел болып,ұлт болып қаламыз десек, «Ұлттық тәрбие»балабақшадан бастап қолға алғанымыз жөн деп ойлаймаймын.-деп аяқтады.

3.Сөйледі:Балабақша меңгерушісі С.Сағынбек ойын-бала дамуының басты құралы демекші балабақша төмендегідей орталарды ұйымдастыру қажет.Білім беру аймағы-оқу қызметінің сенсорика айналамен таныстыру, сөйлеуді дамыту т.б қажетті материалдар орналастырылған бұрыш,кітап бұрышын жасау, толықтыруға ата-аналарды тарту,кітапты уақытша пайдалануға уйге беру,Құрастыру,музыка аймақтарыТеатр бұрыш. Ойын бұрышы,Кішкене стадион, Табиғат бұрыш, Дербес іс-әрекеттер аймағын топтық бөлмелерде шешіну бөлмелерінде құрған дұрыс.Балалардың олардың отбасы фото суреттерін, балалардың суреттерін қоюға болады.Заттық –дамытушы ортаны құруда шығармашылық идеялада шек жоқ,дегенмен ең бастысы баланың жас ерекшелігі, қызығушылығы және осы ортада өзін еркін сезініп,орта материалдарын қолдана алуына мүмкіндік берілуі маңызды шарт,деп қорытындылады.

4.Сөйледі: балабақша әдіскері: Б.Сейткеримова төртінші мәскеле жайында айтып өтті.Балабақшада заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру қажет.балабақшаның жас ерекшеліе топтарына сәйкес заттық –дамытушы ортаны жобалау керек.

1 Кіші топта;

Танымдық ойыншықтар,қарапайым пазлдар,зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғамалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар,оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары,жұмсақ модульдер,қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

2.Ортаңғы топта;:

Дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және сроған лайық жайлы орындарман толықтыру қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар,куыршақтар,түрлі машиналар,танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар,шағын модельдер.

Соңғы мәселе: Ашық есік балабақша әдіскері Б. Сейткеримова қазан айында өтетін ашық есік күніне топтарда «Жасұрпақ» ортаңғы тобында сөйлеуді дамыту «Ойыншықтар» тәрбиеші Сейткеримова С өтеді.» Сары жапырақтар жерге түседі» атты ұйымдастырылған оқу қызметін құрастыру бөлімі бойынша ересек топ тәрбиешісі Кушербаева И. Өтеді.

ШЕШІМ:

- 1 Балалардың танымдық зияткерлік жұмыстары бойынша жүргізілсін.
- 2 Баяндама хаттамаға бекітілсін.
- 3 Заттық – кеңестік дамытушы ортаны толықтыру жұмыстары жалғастырылған Жауапты әдіскер, тәрбиешілер.



Педагогикалық кеңес төрағасы:

С.Сағынбек

Хатшы:

Б.М.Сейткеримова

Педагогикалық кеңестің № 3 хаттамасы

Өткізілген уақыты; 23.01.2023ж

Қатысқандар саны-11

Күн тәртібі

1. 1 жарты жылдықтағы оқу-тәрбие жұмыстарына аналитикалық есеп беру.
2. 1-жарты жылдықтағы білім-білік дағдыларын диагностикалау
3. Ұйымдастырылған оқу-қызметі «Асық терапиясын» қолдану.
4. Жарты жылдықта ауырған балалардың көрсеткішін талду.
5. Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы

1.Тыңдалды; бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Б.Сейткеримова бөбекжайдың жарты жылдық есебін баяндады. Жарты жылдық есеп бойынша балабақшада атқарылған жұмыстар, өткізілген ертеңгіліктер, семинарлар, жиналыстар, ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, қағаз жүзінде өткізілді. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылдық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін, іс қағаздарын, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттің жоспарын, жүргізген жұмыстарын өткізді.

2. Тыңдалды; балабақша әдіскері Б.Сейткеримова сөйледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарымен таныстырып өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын игеру деңгейлерін есептеу әдістемесімен таныстырды.

1 ші қосымшасымен таныстырды. және 2 ші қосымшада Бақылау парақтары EXCel форматта берілген. Топтың мониторинг нәтижелері негізінде мектепке дейінгі ұйымның содан соң аудандық білім бөлімдері мен облыстық білім басқармаларының әдіскері мен мамандары аудан, облыс бойынша мониторингі жасайды.

Топтың мониторингі нәтижелері негізінде оқу жылына Баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке дамыту картасын толтыру кезінде педогог кестеге дамытушы немесе түзету шараларын, қажет болған жағдайда бақылау нәтижелері бойынша іс-шаралардың екі түрін енгізу керектігін айтып өтті.

3.Тыңдалды: Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде «Асық терапиясын» қолдану туралы тәрбиеші С.Сейткеримова баяндама оқыды.

Мектепке дейінгі ұйымда балаларды дамыту, білім беру, тәрбиелеу, тәрбиелеу мақсатында қолданылып келген педагогикалық технологиялар жеткілікті. Соның бірі асық ойыны. Асық – ойыны сол бай салауатымыздың бірі дәстүрі. Ертеде қазақ халқы асықты бала кезінде қолына алып, жас кезінен бастап ойнай бастайды. Тіпті саби дүниеге келмей жатып, жас нәрестеге арнап асық жинайтындар да болған. Асық ойындарының тәрбиелік мәні зор. Асық терапиясының мақсаты асық терапиясында балалардың терапиясында балалардың қимыл-қозғалыстарын

реттеу, кеңестіктің бағдарлай білу, көрнекі іс-әрекеттік көрнекі – бейнелік және сөздік – логикалық ойлауды сатылай қалыптастырып, шығармашылық тұрғыды және сын тұрғысынан ойлауды дамыту, шыдамдылық, сабырлық, бірлескен ірекеті қолдана білуге тәрбиелейді. Сондықтан да біз ересектер асық ойындарының жаңа мазмұнды ойындарын, жаттығуларын құрастырып, оларды оқыту және дамыту, ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолдана аламыз.

Асық ойынына Бауыржан Момышұлы атамыз «Асық-үлкен халықтық тәрбие» деп баға беріп, жоғары билікке хат та жазған екен.

ШЕШІМ:

1. Өткен кеңестің қаулылары орындалды.

2. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қабілеттері мен дағдыларының даму деңгейін қадағалау бойынша аралық мониторинг нәтижелерін қосымшаға сәйкес EXCEL

форматында жасалып, білім бөліміне тапсырылсын. Жауапты әдіскер

Б. Сейткеримова

3. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде, ойындарда «Асық терапиясы» қолданылсын.



Балабаша меңгерушісі

С. Сағынбек

Хатшы:

Б. Сейткеримова

Педагогикалық кеңестің № 4 хаттамасы

Қатысқандар: 11

20.03.2023ж

Күн тәртібі

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.

2. Бала тәрбиесіндегі отбасы мен балабақшаның қарым-қатынасы. Баяндама Тәрбиешілер Кушербаева И.

3 Ашық ұйымдастырған іс-әрекеті «Геометриялық пішіндер»

И.Кушербаева

1. Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша әдіскері Б.Сейткеримова сөз алды.

Күннің жылуының өзі балаларымызға түрлі ойындар, серуен ұйымдастырылып серуен кезінде бақылау еңбек, зерттеу ойындары, құмнан қалашық жасау басталды. Құмды қолмен ұстамау, қалақша күрекшелермен ыдыстарға салып түрлі құрылыстар жүргізіп, қызығып ойнауды. Балалар құммен өте қызыға ойнайды, қанағаттанып, өзінің ой-қиялдағы нәрсені жасағысы келіп өзін еркін ұстайды.

Тәрбиешілермен бірге құм салғышты толық толтырылғанын құмның ережеге сай тазаланып тұруы қадағалануда.

Сонымен бірге тәрбиешілер И.Кушербаева, А.Ерханова вариативтік компоненттің жоспарлануы және өту сапасы туралы берілген ұсыныстар орындалуда. Тақырыптар түзеліп жоспар мазмұны мен көрнекіліктер мен материалдар толықтырылып жүргізілуде. Жпс ерекшеліктері ескерілді. Балалардың қызығушылығы артты. Үлестірмелі және дидактикалық материалдар толықтырылуда.

2. Тыңдалды: Балабақша тәрбиешісі И.Кушербаева «Бала тәрбиесіндегі отбасы мен балабақшаның қарым-қатынасы» тақырыбында баяндама оқыды. Бала тәрбиесі күрделі де ауқымды мәселе» баяндамада оны айтып жеткізу мүмкін емес. Балаларымыз болашағымыз, бала тәрбиесі еліміздің әлеуметтік дамуының құрылымының келешегін айқындаушы деп есептейміз. Егемен еліміздің көк туын жебіретер ертеңгі болашақ, яғни бүгінгі бүлдіршіндер тәрбиесі аса ауқымды, назар салатын басты мәселенің бірі. Тәрбие тал бесктен деп айтқандай отбасынан бастау алатын тәрбие балабақшамызда да жалғысын табады. Отбасындағы тәрбиенің тиімді болуы ондағы қарым-қатынас түрлерінің орнығуына байланысты. Балалардың күн тәртібін уйдеде сол тәртіп өзгеріссіз болуы тиіс. Ата-анамен тығыз байланыста бола отырып, әр баланың жеке дамуы арқылы, мінез ерекшелігі арқылы дұрыс бағытта тәрбиелеу.

3. Тыңдалды: Балабақша тәрбиешісі И.Кушербаеваның «Геометриялық пішіндер» тақырыбында өткізген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиеші Кушербаева И өткізген оқу қызметі маған ұнады. Тосын сәтте пішіндердің тапсырмалары балалар қызыға орындады. Сергіту сәтін балалар көңілді орындады.

Тәрбиешілер Кушербаева Индира мен ЕРханова Ақбілек апайдың ұйымдастырылған іс-әрекеті балаларға қызығушылық танытты. Пішіндерін олардың түстерін бекітті. Дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамытты. Ұқыпты жұмы жасауға бір-біріне сыйластық таныту, қарым-қатынасқа тәрбиелеу мақсатына сай өтті.

ШЕШІМ:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалсын.
2. Тәрбиеші Кушербаева баяндамасы хаттамаға қоса тігілсін.
3. Тәрбиеші И.Кушербаевағың ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті өте жақсы деп бағалансын, әдіс-тәсіл мен материалдар, іс-тәжірибелерін тәрбиешілер оқу тәрбие үдерісіне ендірсін. Жауапты Тәрбиешілер.

Төрағасы:

Хатшы:



С. Сағынбек
Б. Сейткеримова

С.Сағынбек

Б.Сейткеримова

Педагогикалық кеңестің №5 хаттамсы

Қатысқандар: 11

23.05.2023ж

Күн тәртібі

1 Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.

2.Ата-аналармен жұмыс жоспарлау түрлері жүргізілуі.Жедел тексеру қорытындысы.Барлық топ

3.Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарға есеп беруі

4. Қортынды мониторинг

1.Тыңдалды Балабақша меңгерушісі С.Сағынбек сөйледі. Балабақшада балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында күнделікті жүргізіліп жатқан жұмыстар өз нәтижесін беруде.Күн тәртібін сақтау,құнарлы тағам, уақытылы, тынығу сауықтыру шынықтыру жұмыстары нәтижелі жүргізілу арқылы балаларымыздың дендері сау,шымыр,шыныққан тұлға қалыптасуда.

2.Ата-аналармен жұмыс жоспарлау түрлері,жүргізілуі.Жедел тексеру қорытындысы.Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру.Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру; ата-ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту.Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя болс,баланың бас ұстазы-ата-ана.»Балапан ұяда не көрсе,ұшқанда соны іледі»деген ата-бабаларымыздың қалған асыл сөздің сырына үңілер болсақ,бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.Ата-анаға баладан жақсы ешкім жоқ. Ал бар тәрбиеміздің көзі- ата бабаларымыздың қалған асыл сөздер,яғни небір кереметтің барлығын ақыл сөздер мен мақал-мәтелдер екі сөзсіз.Балабақшада барлық топ тәрбиешілердің балаға жан және дене өзгерістерінің байланыстарын табуға көмектесу. Барлық ескертулерді шын пейілмен,үстірт бағаламай,айдар тақпай жай түсіндіру. Балалардың бойында салауатты өмір салты мәдениетіне тәрбиелеу. Денсаулықтың маңыздылығын құндылық ретінде түсіну.Дене тұрғысынан жетілдіру.Ертеңгілік жаттығу, күн режимін сақтау,таза ауда болып қимыл қозғалыс ойындарын ойнау.

Ата-аналарды бағдарлама бойынша қол жеткен жетістіктермен танстыру,тәрбиешінің талаптарына ден қоюға бағыт беру.Мұндай сабақтарда ата-аналардың қатысуы балабақшадағы оқу-тәрбие жұмыстары туралы ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттырады,баламен қарым-қатынас жасаудың жолдарын үйренеді.

Тәрбиешілердің ата-аналармен жұмыс жүргізуі бала тәрбиесі туралы терең жан-жақты қарастыру,және оны бекіту.

Жарыс сөзге балабақша әдіскері Б.Сейткеримова сөз алды. Ол өз сөзінде балабақша тәрбиешілері мен ата-аналар арасында тығыз байланыс болуын атап өтті.Ата-аналар мен жұмыс барысында жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе

отырып жасаған тиімді.себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселерді отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптары өздері ұсына алады. Сонмен қатар ата-аналардың ұсыныс тілектерімен санаса отырып ата аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар кеңестер мен сұрақ жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар,ата-аналарды педогогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс-тәсілдері қарастырылуы шарт.

3.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі: С.Сағынбек тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына тоқталып өтті.Педогогикалық үрдістің тиімділігі тәрбиешілердің өз ісін сапалы орындауымен анықталады. Сондықтан тәрбиеші мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту, тәрбие және дамыту әдістемелері жағынан білікті болу керек. Тәрбиеші өз жұмысын ғылыми негізінде теориялық тұрғыда саутты жүргізе білсе, онда практикада жүйелік,бірлізділік қалыптасып, нәтижесі табысты болмақ.Тәрбиешінің өмірден алған тәжірибесі, қабілеті, адамгершілігі қарапайымдылығы, мінез-кұлқы әлдеқайда жоғары деңгейде болу тиіс. Ол қандай қиын жағдай болсын,кедергілерге қарамастан балалармен тікелей тынымсыз жұмыс жассау болып табылады.Тәрбиешінің бір бойында бірнеше қызмет бар. Ол жаңа үрдісте заманауи технологияларды енгізу арқылы ұйымдасқан іс-әрекеті семинарлар, ғылыми жұмыстар, мен және тағыда басқа сайыс-байқауларды ұйымдастырып өткізуі басқару арқылы нәтижелерге қол жеткізуін қолдаушы болып танылады.

2-ші болып Тәрбиеші Күшербаева өз сөзінде мен өзімнің әріптестеріме жаңа инновациялық әдістемелік көмек беріп,оларға мейірімділікке шыдамдылыққа,кешіре білуге бағыт беріп келемін.Қызметтестеріммен тең жағдайда сырласып,тындап,мен өз балабақшамның жұмысын жетілдіріп,жоғары деңгейде көтере алатыныма сенемін.Менің тәрбиешілік қызметімнің нәтижелегі өзге де педогогтардың өзін-өзі тануға ықпал жасау.Әрбір маманшығармашылығын, шеберлігін,талантын жаңғыртып,өз ісінің шебері атанса және оны балалармен жұмыста көрсете алса мен оны еңбегімнің жемісі деп түсінемін.Педогогикалық озық технологияларды ұйымдасқан оқу қызметі барысында пайдаланып, балалардың шығармашылығын дамытуға ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы жүзеге асырдым.Бес жастағы бала зейінін дамытып, жеке тұлғаға айналдыру әр тәрбиешінің басты міндетті.

4.Екінші болып балабақша әдіскері Б.Сейткеримова сөз алды. Ол өз сөзінде тәрбиешілердің балалардың балалардың қорытынды мониторинг жүргізу тәсілдеріне тоқталып өтті.Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының қорытынды мониторинг жүргізудің негізгі тәсілдері .Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педогог; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын бақылау парағы мен баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін білуі-мектепке дейінгі педогогика мен психология негіздерін баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін өлшеу әдістері,бақылау, ойын жағдаяттарын құру,ойын әңгімелесу,сұрақтармен жауаптар,өнімді әрекет түрлерін,мектепке дейінгі жастағы баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін есептеу әдістерін, ақпараттық-коммуникациялық технолгияларды игеруі қажет.Мониторингтің субъектісі мектеп жасына дейінгі 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалар.Мониторингтің объектісі балалардың жасы мен «Денсаулық» «Қатынас» «Таным» «Шығармашылық» «Әлеумет» білім беру дағдысы бойынша күтілетін нәтижелерге

сәйкес олардың физикалық зияткерлік және жеке қасиеттері, Станедарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады. 1 1-деңгей бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады 2 2 –деңгей бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие, 2 2-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады. Мониторинг нәтижелерін алу әдістері –балаларды бақылау, -әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау-деп атап өтті.

ШЕШІМ:

1. өткен кеңес шешімдері орындалсын.
2. Тәрбиешілердің ата-аналармен жұмыс жүргізуі бала тәрбиесі туралы терең жан-жақты қарастыру және оны бекіту.
3. Оқу-тәрбие үдерісінде еңбектің барлық түрлері қамтылып, жоспарлы түрде жүргізілсін.

Төрағасы:

С. Сағынбек

Хатшы:

Б. Сейткеримова

